

АЛДАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№8 (70) 21 ақпан 2025 жыл

Қоғам

ЕРЛІКТІ ҰЛЫҚТАУ ЗЕРДЕЛЕНДІ

Кеше елордадағы «Rixos President Astana» қонақүй кешенінің конференция залында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты тақырыппен кеңейтілген төралқа отырысын өткізді. Іс-шарада Жеңістің 80 жылдығына дайындық және оны мерекелеу мәселелері талқыланды.

Кеңейтілген төралқа отырысына барлық облыс пен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан ардагерлер кеңестерінің басшылары, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, Мәдениет және ақпарат вице-министрі, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Іс-шара шымалдығын Мемлекет және қоғам қайраткері, Мәжіліс депутаты, «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің төрағасы, Еңбек ері Бақтықожа Ізмұхамбетов ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен құрылтайда да, «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында да Жеңістің 80 жылдық мерекесін тойлау мәселесіне ерекше мән бергенін атап өтіп, «Ардагерлер ұйымының» кеңейтілген төралқа жиыны осы тақырыпты талқылауға арналып отырғанын жеткізді.

«Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты алғашқы баяндаманы «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің төралқа мүшесі, тарих ғалымдарының кандидаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов жасап, Жеңіс күнін тойлаудың стратегиялық мәнін бұқараға кең көлемді түсіндіру керектігін тілге тиек етті.

«Ресми деректерге сүйенсек, Екінші

дағы барлық республика фашизмге қарсы күресіп, нацизм идеологиясын бірге жеңді. Сондықтан да бүкіл өркениетке қарсы бағытталған фашизмге қарсы күрескендерді бүгінгінің көзқарасымен қарап бөліп бағалауға болмайды», деді ол.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафин Жеңістің 80 жылдығына орай мемлекет тарапынан соғыс және тыл ардагерлеріне көрсетілетін әлеуметтік көмектер туралы әңгімелесе, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова министрліктің мерекені тойлауға қатысты атқарып жатқан шаруаларын баяндады. Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған барша отандасымыз үшін аса маңызды мереке саналатын Жеңістің 80 жылдығын науқаншылыққа айналдырып алмау керектігі туралы пайымды ойын ортаға салды.

«Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің төралқа мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері Бекет Тұрғараев: «Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған алапат соғыстың жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толды. Сол 80 жылдықты қалай өткізуді кеңесу үшін жиналып отырмыз. Бұл басқосудың басты мақсаты майданда қаны төгіліп, жанын пида еткен аталарымыз бен апаларымыздың ерен ерліктерін

партиясымен бірлесіп, Жеңістің 80 жылдығына қатысты өткізетін шаралардың бәріне жастарды тарту қажет. Сол арқылы олардың бойына отаншылдық рухты сіңіре аламыз», деді.

Сондай-ақ спикер Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі қалалық ғалымдар қауымдастығымен және жастар ұйымдарымен бірлесе отырып, соғыс ардагерлері Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Шәңгерей Жәнібековтердің 100 жылдығына арнап «Қазақ батырларының ерлік және ар-намыс дәстүрлері – жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің негізі» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өткізгенін, алдағы уақытта филиал жұмысын осы бағытта жалғастыра беретінін тілге тиек етті.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Айтқазы Шерубаев Шығыс Қазақстаннан Екінші дүниежүзілік соғысқа 93 627 адам аттанғанын, оның 63-і Кеңес Одағының батыры, 10-ы «Даңқ» ордендерінің толық кавалері атанғанын айта келіп, биыл облыс әкімшілігі 13 ардагерге – 5 млн теңгеден (65 млн теңге), 237 тыл ардагерлеріне (тыл еңбеккерлері, блокадашылар, тұтқындар, жесірлер және соғыс ардагеріне теңестірілгендер) – 100 мың теңгеден (23,7 млн теңге), арнайы статуска ие болмаған 4 261 тыл еңбеккеріне 50 мың теңгеден (220,2 млн теңге) бірреттік сыйақы төлейтінін жеткізді. «Ардагерлер ұйымының» облыстық филиалы өңірдегі ардагерлердің әлеуметтік-тұрмыстық



дүниежүзілік соғысқа 35 миллион адам қатысты. Еліміздегі 18-50 жас аралығындағы ер-азаматтардың 70 пайызы, яғни 1,5 миллионы қазақ даласынан майданға аттанды. Майданның алғашқы күнінен бастап, Қазақстан аумағында қаншама әскери құрама жасақталды. 50-ге жуық жекелеген полк және батальон сарбаздары біздің елде әскери дайындықтан өтті. Оның ішінде таза қазақ ұлты өкілдерінен құралған 3 кавалериялық дивизия, 2 бригада болған. Тіпті Ресей, Өзбекстан секілді көршілес елдерден де майданға аттанған боздақтарымыз аз емес. Мәселен, Ресейдің Чкалов облысында жасақталған 196-атқыштар дивизиясының 80 пайызы, 195-дивизияның 50 пайызы, 193-дивизияның 40 пайызы, Өзбекстанда жасақталған 69-дивизияның 45 пайызы таза қазақ ұлтының өкілдерінен құралған. 80 жылдық мерекенің аясында осындай тың деректердің бетін ашып, кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізе беруіміз керек», деді Абай Бөлекбайұлы.

Сонымен қатар А.Тасболатов қазір кейбір саясаткерлер соғыс шындығынан алшақтап, халықты бөлуге, олардың бірінің рөлін биіктетіп, екіншісін жоққа шығаруға тырысатын үрдіс пайда болғанына аландаушылық білдіре келіп: «Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кеңес одағын-

ұрпақ жадында ұмытылмастай етіп қалдыру болса деймін», деді.

Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құрылтайдағы баяндамасында Кеңес Одағының батырлары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және Халық қаһарманы Хиуаз Доспановалардың есімдерін құрметпен ерекше атап өткенін, олардың ерліктерін ешқашан естен шығармау үшін Қазығұрт ауданының «Мәңгілік ел» саябағына аталған үш бағдар кызымызға ескерткіш монументтер орнатылатынын сүйіншіледі. Бұл ескерткіш Түркістан облысы мен Шымкент қаласының ардагер ұйымының қолдауымен, халықаралық «Жеті жарғь» және «Қожаберген жырау» қоғамдық қорының қаржыландыруымен бой көтереді.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Сенаторлар кеңесінің мүшесі Ахан Бижанов: «Алматы – жастар мен студенттердің қаласы. Оңтүстік астанамызда еліміздің басты жоғары оқу орындары шоғырланған. Қазір Алматыда еліміздің әрбір үшінші студенті білім алып жатыр. Сондықтан оларға біліммен қатар ұлттық, рухани, патриоттық тәрбие беруді ескерусіз қалдырмаған жөн. Патриотизм – өз Отанына деген сүйіспеншіліктен туындайтын қасиет. Ардагерлер кеңестері әкімдіктермен, «Аманат»

жағдайларын анықтап, қажетті көмек түрлері көрсетуге (қар тазалау, көмір, отын дайындау, азық-түлік және дәрілік заттарды жеткізу, азық-түлік табыстау және т. б.) ықпал етіп отырғанын, сонымен қатар «Ардагерлер ұйымының» филиал басшысы Шығыс Қазақстан облысы аумағында соғыс ардагерлеріне арналған 201 ескерткіш бар екенін, оның үшеуі ағымдағы жөндеуді қажет ететінін мәлімдеді.

«201 ескерткіштің үшеуіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұсындық. Бұлар – 1985 жылы Алтай қаласында орнатылған «Даңқ мемориалы», Үлкен Нарын ауданындағы 1978 жылы орнатылған «Қайғылы ана» ескерткіші, Күршім ауданындағы Бауыржан Момышұлының бюсті. Бұл ескерткіштер 80 жылдық аясында қалпына келтірілуі керек», деді А.Шерубаев.

Іс-шара соңында «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов Жеңістің 80 жылдық мерекесін лайықты қарсы алу баршаға ортақ міндет екенін айта келіп, Ардагерлер кеңесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларына қолдау білдіруге дайын екенін мәлімдеді.

Қанат БІРЛІКУЛЫ
«Егемен Қазақстан» газетінен алынды

Жаңалықтар. Весті

Алматы облысында былтыр 244 адам жайылымда жүрген малынан айырылып қалған

Алматы облысында былтыр 244 адам жайылымда жүрген малынан айырылып қалғаны анықталды. Ал бір жыл бұрынғы көрсеткіш – 296 мал ұрлығы тіркелген, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, мал ұрлығының ең көп тіркелген аймағы – Жамбыл ауданы және мал шаруашылығы қарқынды дамыған өңірлер. Сонымен қатар, мал ұрлығына байланысты қылмыстардың ашылу деңгейі де тұрақты түрде өсіп келеді.

Полиция мал ұрлығының алдын алу мақсатында тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар өткізеді. Сонымен қатар, «Мал ұрлығы» жедел-алдын алу шарасы жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2024 жылы ұрланған 166 бас мал заңды иелеріне қайтарылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр», - делінген хабарламада.

КНБ нашел нарколабораторию в Алматинской области

Департамент КНБ по Алматинской области при координации с органами прокуратуры выявил и ликвидировал нарколабораторию, передает Tengrinews.kz.



Как сообщает КНБ, в результате спецоперации задержан казахстанец. Он занимался изготовлением психотропных веществ.

«В ходе обыска изъято свыше 15 килограммов наркотического средства «альфа-PVP» и 70 литров этого вещества на стадии кристаллизации, а также 200 литров прекурсоров и лабораторное оборудование», - говорится в сообщении.

С санкции суда казахстанец отправлен под стражу. В отношении задержанного ведется досудебное расследование по части 3 статьи 297 Уголовного кодекса («Незаконное изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка в целях сбыта либо сбыт наркотических средств»).

Балқаш ауданында көлікке қайта-қайта мас мінген ер адам ақыры сотталып кетті

Алматы облысының Балқаш аудандық соты бұған дейін де мас күйінде көлік жүргізгені үшін жүргізуші куәлігінен айырылған ер адамның ісін қарады: ол жүргізуші куәлігінен айырылса да жуырда тағы да мас күйінде рульге ортырған, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

«Алматы облысы Балқаш аудандық сотының 2024 жылғы 16 қаңтардағы қаулысына сай, бұл адам 7



жыл мерзімге жүргізуші куәлігінен айырылған болатын. Алайда, 2024 жылдың желтоқсанында оны полиция қызметкерлері Баканас-Карой тас жолында мас күйінде көлік жүргізу кезінде ұстаған», - деп хабарлайды сот.

Сот бұл жолы оны өмір бойынша жүргізуші куәлігінен айырып, бір жылға соттады.

